

Тәуелсіздік - басымызға қонған бақыт құсы

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 28 жылдығына орай Нұра ауданы Мұзбел ауылының Мәдениет үйінде ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен «Тәуелсіздік - ел арманы» атты мерекелік концерт ұйымдастырылып өткізілді. Салтанатты мерекелік концертте ауыл әкімі Абаев Ерболат Ерденұлы және Міржақып Дулатұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің директоры Исина Дариға Дәуітқызы жиналған қонақтарды құттықтап, өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Ілкімді шарада ауыл әкімі Ерболат Абаев «Пржевальское» серіктестігінің жұмысшылары Г.Я.Яцининшинді, Р.В.Багановты, О.П.Уфиркинді, Е.С. Посашковты қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысқандары үшін Нұра ауданының әкімі Аян Шалмағанбетовтың алғыс хаттарымен марапаттады. Сонымен қатар, ауыл әкімі ауылдың жергілікті қауымдастығының мүшесі, ауылы-мызда қажырлы еңбек етіп, қоғамдық, мәдени іс-шараларда белсенділік танытып жүрген Толықбаев Жолымбетке, Киркэ Штефанға ауыл әкімі алғыс хаттарын табыстады. Жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегі, ауылдың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқандары үшін, ауылды абаттандыру және көркеюіне ат салысқандары үшін Жеңісхан А., Хабылқан Ж., Шу Е.С., Шамей С., Мамедова Т. В. марапатқа ие болды. Көп балалы 8 отбасыға, тұрмысы төмен 2 отбасына материалдық көмек көрсетілді. Тәуелсіздік күні қарсаңында Ұлы Отан соғысы ардагерлері монументінің маңайына 31 дана доғалы жарық шамдары орнатылды. «Тәуелсіздік - ел арманы» атты ауылдық мәдениет үйінде орналасқан кітапханада кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітаптарға шолу жа-салынды. Осы еліміздің айтулы мерекелік сәтін пайдалана отырып, Міржақып Дулатұлы атындағы ЖОББ мектебінің 2-сынып оқушыларын «Жас қыран» қатарына салтанатты түрде қабылдау рәсімі өткізілді. Шараларға демеушілік көрсеткен, Нұра ауданы мәслихатының депутаты, «Пржевальское» ЖШС директоры, «Nur Otan» партиясының мүшесі Таттыбаев Ықсан Балтабайұлына алғысымыз шексіз. Мерекелік кеш Мұзбел ауылындағы М.Дулатұлы атындағы ЖОББ мектебі оқушыларының орындауындағы ән-би және ұстаздар ұжымының хорымен жалғасып тапты.

Г.И. Бекеева
Ауыл кітапханашысы